



«ЗАНДЫ ТҮЛҒАЛАРҒА АРНАЛҒАН ИНТЕРНЕТ БАНКИНГІ» / «FORTEBUSINESS» ЖҮЙЕСІН ҚОЛДАНУМЕН ҚАШЫҚТАН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ

Осы «Занды тұлғаларға арналған интернет банкингі»/ «ForteBusibess» жүйесін пайдаланумен клиенттердің банктік шоттары бойынша операциялар жүргізудің жалпы талаптары (бұдан әрі – Интернет банкингі бойынша жалпы талаптар) «ForteBank» АҚ (бұдан әрі - Банк) мен Клиент арасындағы Клиенттің банктік шоттарын жүргізуге, төлемдерді және (немесе) аударымдарды жүзеге асыруға, Талаптарда қамтылған және Банк нақты уақыт режимінде «Занды тұлғаларға арналған интернет банкингі» / «ForteBusiness» қашықтықтан қол жеткізу қызметі арқылы көрсететін басқа да қызметтерге байланысты туындайтын қатынастарды реттейді.

Талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасы, «ForteBank» АҚ-да «Занды тұлғаларға арналған интернет банкингі» / «ForteBusiness» жүйесі арқылы заңды тұлғаларға/жеке кәсіпкерлерге электронды банктік қызметтерді ұсыну қағидалары (бұдан әрі - ЭБҚ ұсыну қағидалары) және Банктің басқа да ішкі құжаттары негізінде жасалған.

Интернет банкингі бойынша жалпы талаптар www.forte.kz адресі бойынша Банктің ресми интернет сайтында жарияланған, Клиент ұсынған Интернет банкингінің жалпы талаптарына қосылу туралы өтініштің ажырамас бөлігі болып табылады, оның негізгі шарттарын қамтиды және қосылудың бірыңғай шартын (бұдан әрі - Шарт) құрайды.

Интернет банкингінің жалпы талаптары бойынша Клиент - бұл заңды тұлға және оның жеке бөлімшесі (филиалы және өкілдікі), жеке кәсіпкер, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіби медиатор, шаруа қожалығы, фермер шаруашылығы, шетелдік дипломатиялық және консулдық өкілдік.

1. ИНТЕРНЕТ БАНКИНГ БОЙЫНША ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРДА ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР

1.1. Жүйе – Банктің Клиентке электронды банктік қызмет көрсетуіне мүмкіндік беретін «Занды тұлғаларға арналған интернет банкингі» / «ForteBusiness» бағдарламалық жасақтамасы. Жүйеге өту Интернет арқылы «Занды тұлғаларға арналған интернет банкингі» жүйесінің веб адресі (<https://online.fortebank.com>), ForteBusiness (<https://b.forte.bank>) арқылы, сонымен қатар мобильді қосымшалар (IOS, Android) арқылы жүзеге асырылады;

1.2. Өтінім – Банк белгілеген нысанда ресімделген Жүйеге өтуді қамтамасыз ету туралы өтініш;

1.3. Клиенттің өкілі – Клиент Банктен Клиенттің Жүйені дұрыс қолдануы үшін барлық қажетті ақпаратты, құрылғылар мен құжаттарды алуға, сондай-ақ Шарт шеңберінде қызметтерді алу үшін басқа әрекеттерді жасауға тиісті сенімхатпен уәкілеттік берген тұлға;

1.4. Пайдаланушы – Клиенттің атынан Нұсқауларға қол қою және оларды Банкке жіберу құқығын қоспағанда, Шартқа сәйкес Жүйеге өту құқығы және Клиентке электрондық банктік қызметтерді алу үшін қажетті әрекеттерді жүзеге асыру мүмкіндігі берілген, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте уәкілеттік берілген Клиент Өтініште көрсеткен тұлға;

1.5. Клиенттің уәкілетті тұлғасы – Клиенттің банктік шотын ашқанда, Клиенттің Банкке Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұсынған қол қою үлгілері мен мөр бедері бар құжатта көрсетілген Пайдаланушы/Клиенттің тұлғасы немесе заңнамада белгіленген тәртіппен Клиенттің атынан Нұсқауларға қол қоюға және оны Банкке жіберуге құқылы Клиент уәкілеттік берген тұлға;

1.6. Клиенттің банктік шоты – Клиенттің Банкте ашылған ағымдағы және/немесе жинақ шоты;

1.7. Клиенттің логині – Клиенттің бірегей коды (Пайдаланушының логинімен бірге қолданылады), Жүйеге тіркелу және кейіннен «Занды тұлғаларға арналған интернет банкингі» жүйесі арқылы электрондық банктік қызметтерге қол жеткізу мақсатында барлық Пайдаланушыларға/Клиенттің уәкілетті тұлғаларына Банк ұсынылады;

1.8. Пайдаланушының логині – Жүйеге тіркелу және кейіннен Жүйе арқылы электрондық банктік қызметтерге қол жеткізу үшін Банк ұсынған Жүйедегі Клиенттің уәкілетті тұлғасының/Пайдаланушының бірегей логині;

1.9. Жүйеге кіруге арналған ПИН/Құпиясөз – Жүйеге кіру үшін қажетті дербес сәйкестендіру нөмірі. Банк әрбір Клиенттің уәкілетті тұлғасына/Пайдаланушыға ашық түрде ұсынады, оны Жүйеге бастапқы кіру кезінде өзгерту қажет, ол әріптерден, символдардан және арнайы таңбалардан тұрады;

1.10 . ПИН (ДСН) – генерацияланған кодты алу үшін Digipass құрылғысын іске қосу үшін қажетті жеке сәйкестендіру нөмірі. Банк әрбір Клиенттің Уәкілетті тұлғасына / Пайдаланушыға ұсынады;

1.11. Генерацияланған код – бір реттік (бір жолғы) код - бағдарламалық-аппараттық құралмен (Digipass Device) жасалған және Клиентке электронды банктік қызметтерді алу рұқсатын беру кезінде бір рет пайдалануға арналған электрондық цифрлық символдардың бірегей реттілігі;

1.12. Digipass құрылғысы – Шарт талаптарына және ЭБҚ ұсыну қағидаларына сәйкес Банк Клиентке ұсынатын генерацияланған кодты жасайтын/генерациялайтын электрондық құрылғы (бағдарламалық-аппараттық құрал). Бұл ретте Digipass құрылғысын іске қосу үшін PIN коды қолданылады;

1.13. Байланыс деректері – Клиент электронды банктік қызметтердің көрсетілуіне байланысты мәселелер бойынша жүгінуі үшін Банктің/Банктің жауапты қызметкерлерінің байланыс телефондары және мекенжайлары;

1.14. Клиентті сәйкестендіру – Клиенттің уәкілетті тұлғасының/Пайдаланушының электрондық банктік қызметтерді алу құқығын бізмәнді түрде растау үшін оның түпнұсқалығын анықтау тәртібі;

1.15. Аутентификация – Клиенттің уәкілетті тұлғасы/Пайдаланушы Банк белгілеген қауіпсіздік рәсімдеріне сәйкес енгізілген логиндер мен құпиясөздердің түпнұсқалығы мен дұрыстығын растауы;

1.16. Жұмыс күндері – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес демалыс не мейрам күндеріне жатпайтын күндер;

1.17. Клиентті жүйеге қосу – Шарт талаптарына және Клиенттің Өтініміне сәйкес Жүйеде Клиенттің уәкілетті тұлғасын / Пайдаланушыны тіркеу;

1.18. Қауіпсіздік рәсімі – Пайдаланушының/Клиенттің электрондық банктік қызметтерді алу құқығын белгілеу және жіберілетін және алынатын электрондық құжаттардың мазмұнындағы қателерді және / немесе өзгертулерді анықтау мақсатында электрондық құжаттарды ресімдеу, беру және қабылдау кезінде Клиентті/Пайдаланушыны сәйкестендіруге арналған ақпаратты қорғау бойынша ұйымдастырушылық шаралар мен бағдарламалық-техникалық құралдар кешені;

1.19. Курьерлік қызмет – пошта операторы ұсынатын пошта жөнелтілімдерін тасымалдау және табыстау бойынша пошта байланысының қызметтері.

1.20. СМС коды – пайдаланушының сұранысы бойынша Банктің бағдарламалық-техникалық құралымен құрылған, Өтінімде көрсетілген Клиенттің уәкілетті тұлғасының мобильді телефонының нөміріне SMS арқылы жіберілген және пайдаланушыға электронды банктік қызметтерді алуға рұқсат беру кезінде бір рет пайдалануға арналған, ForteBusiness жүйесінде қолданылатын бірегей реттіліктегі электронды цифрлық таңбалардан тұратын бір реттік (бір жолғы) код.

Интернет банкингі бойынша жалпы талаптарда қолданылатын басқа да нақты терминдер мен белгілер Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген мағынасына сәйкес қолданылады.

2. «ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРҒА АРНАЛҒАН ИНТЕРНЕТ БАНКИНГІ» / «FORTEBUSINESS» ЖҮЙЕСІ АРҚЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАТЫН ЭЛЕКТРОНДЫ БАНКТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ТІЗБЕСІ

2.1. Банк Интернет банкингі бойынша жалпы талаптарда және ЭБҚ ұсыну қағидаларында белгіленген тәртіппен Клиентке электронды банктік қызмет көрсетеді.

2.2. Электронды банктік қызметтер мыналардан тұрады:

2.2.1. Ақпараттық-банктік қызметтер:

- 1) Өтінімге сәйкес Жүйеге қосылған Клиенттің банктік шоттарына өту рұқсатын беру;
- 2) Клиенттің банктік шоттарындағы ақша қалдығы және (немесе) қозғалысы туралы, Клиенттің шоттарында жүргізілген төлемдер және (немесе) ақша аударымдары туралы ақпарат беру;
- 3) төлемдерді алушылардың (бенефициарлардың) тізімдерін құру, оның ішінде қажетті өзгерістер енгізу;
- 4) төлемдер және (немесе) аударымдар тарихын қарау;
- 5) болашақта бір типті төлемдерді және (немесе) аударымдарды жүзеге асыруға арналған шаблондарды құру;
- 6) электрондық хабарламалар көмегімен қауіпсіз байланыс арнасы арқылы Банкпен байланыс;

2.2.2. Төлем қызметтері:

- 1) Клиенттің банктік шоттарындағы теңгедегі және шетелдік валютадағы ақшаны аудару және/немесе төлем жасау;
- 2) шетел валютасын сатып алу және сату;
- 3) Клиенттің банктік шоттарындағы тұрақты әрекет ететін нұсқаулықтарды (нұсқауларды) құру, өзгерту немесе жою;
- 4) алдағы күнге Клиенттің банктік шоттары бойынша төлемдер мен аударымдарды жүзеге асыруға арналған нұсқаулықтар (нұсқаулар) жасау.
- 5) Басқа қызметтер: ForteBusiness жүйесі арқылы банктік қызметтерді алуға өтініштер беру.

Бұл тізбе толық әрі соңғы емес және Банк оны «Заңды тұлғаларға арналған интернет банкингі»/ «ForteBusiness» жүйесінің даму шамасы бойынша біржақты тәртіппен толықтыра/өзгерте алады, бұл туралы Банк өз клиенттеріне Банктің www.forte.kz ресми сайтында тиісті ақпараттық хабарлама орналастыру арқылы хабарлайды.

3. ЭЛЕКТРОНДЫ БАНКТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҰСЫНУ ТӘРТІБІ, ТӘСІЛІ ЖӘНЕ ТАЛАПТАРЫ

3.1. Клиент электронды банктік қызметтерді Интернет желісіне қол жетімді кез-келген құрылғыдан және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа тәсілдермен Интернет арқылы қауіпсіз байланыс арналары арқылы қашықтықтан ала алады.

3.2. Клиент электрондық банктік қызметтерді Клиенттің Уәкілетті тұлғаларының/Пайдаланушыларының біреуі Жүйеде тіркелгеннен кейін ала алады. Бұл ретте, төлем қызметтерін ұсыну төлем қызметтерін алу үшін Банкке Клиенттің электрондық құжатын ұсынуға қажетті және жеткілікті құқықтары бар Клиенттің Уәкілетті тұлғалары тіркелген жағдайда ғана жүзеге асырылады.

- 3.3. Жүйеде Пайдаланушыны/Уәкілетті тұлғаны тіркеу тәртібі мен талаптары, Клиентке логинін, Пайдаланушының логинін, жүйеге кіру үшін PIN-кодын/Құпиясөзді, PIN-кодты және Digipass құрылғыларын ұсыну тәртібі ЭБК қағидаларында белгіленеді.
- 3.4. Ақпараттық-банктік қызметтерді ұсыну Клиентті сәйкестендіру және сәтті Сәйкестендірме жағдайында жүзеге асырылады.
- 3.5. Төлем қызметтерін ұсыну Қауіпсіздік рәсімдеріне сәйкес Клиентті сәйкестендіру және сәтті Сәйкестендірме жағдайында жүзеге асырылады.
- 3.6. Клиентті сәйкестендіру, Сәйкестендірме жасау, жүйе арқылы электронды құжатты беру тәртібі мен талаптары ЭБК ұсыну қағидаларында белгіленеді.
- 3.7. Электрондық банктік қызметтерді алу және оларды Жүйеден шығару үшін Клиенттің банктік шоттарын Жүйеге қосу Шартқа жаңа Өтініш және / немесе Клиенттің Банкке берген хаты негізінде жүзеге асырылады.
- 3.8. Жүйе арқылы төлемдер мен аударымдарды жүзеге асырған кезде Клиент жүйеде қалыптастырылған және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келетін электрондық құжаттардың нысандарын автоматты түрде пайдаланады. Электрондық құжаттарды Клиенттің қалауы бойынша мемлекеттік және орыс тілдерінде қалыптастыруға болады.
- 3.9. Жүйе арқылы шетел валютасында төлемдер және (немесе) аударымдар жасау Қазақстан Республикасының валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.
- 3.10. Шетел валютасында электрондық банктік қызметтерді ұсыну үшін қолданылатын айырбас бағамын операция жасалған кезде Банк анықтайды.
- 3.11. Клиент электронды банктік қызметтер ақысын Банк өзі белгілеген және Банктің ресми интернет сайтында www.forte.kz орналастырылған электрондық банктік қызметтерді ұсыну сәтінде қолданыста болған Банктің тарифтеріне (бұдан әрі - тарифтер) сәйкес төлейді.
- 3.12. Тараптар осымен Банк Клиенттің Жүйе арқылы алған және Қауіпсіздік рәсімдерін пайдалана отырып Банкке берілген, Клиент тиісті түрде рұқсат берген (акцептілеген) кез келген электронды құжаттарын қарастыруға құқылы екендігімен келіседі.
- 3.13. Банк электронды банктік қызметтерді ұсынған кезде хабарламаларды жіберу және/немесе алу туралы растамалар Банкке қалады, оның негізінде Клиентке электронды банктік қызметтер ұсынылады. Клиенттің ресімдеген хаты негізінде Банк Клиенттің хатын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде тараптар келіскен нысанда және тәсілмен (электрондық пошта/Жүйе/қолға ұсыну/курьерлік қызмет бойынша) электронды құжаттардың жіберілгенін және / немесе алынғандығын растайды. Электрондық құжатты алғандығын растау ЭБК ұсыну қағидаларында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Клиенттің сұранысы бойынша Банк оған ЭБК ұсыну қағидаларында көзделген нысанда және мерзімде электронды банктік қызметтердің жіберілгендігі және/немесе алынғандығы туралы растаманы ұсынады.
- 3.14. Шарттың қолданылу кезеңінде Банк ұсынатын электрондық банктік қызметтерді ұсынудың ең ұзақ мерзімдері Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мерзімдерге сәйкес келеді.
- 3.15. Электронды банктік қызметтерді көрсетуге байланысты сұрақтар бойынша Клиент келесі байланыс деректерінің көмегімен байланыса алады: телефон: 8 (727) 244-84-14, +7 701 00 44 777, +7 705 93 37 777;
Банктің мекенжайы: Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 8/1.

4. ҚАУІПСІЗДІК РӘСІМІ

- 4.1. Тараптар осымен ЭБК ұсыну қағидаларында көрсетілген ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету рәсімдерін сақтауға міндеттенеді.
- 4.2. Электронды банктік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық қауіпсіздікті қорғаудың ұйымдастырушылық шаралары, тәртібі және бағдарламалық-техникалық құралдары ЭБК ұсыну қағидаларында көрсетіледі.
- 4.3. Жүйеге кіруі кезінде және Сәйкестендірме кезінде Клиентті сәйкестендіру үшін келесі сәйкестендіру деректері қарастырылады: Клиенттің логині, Пайдаланушының логині, Жүйеге кіру үшін PIN/Құпиясөз және Генерацияланған код/СМС коды; Пайдаланушының/Клиенттің уәкілетті тұлғасының электрондық банктік қызметтерге қайта өтуі кезінде жүйеге кіру үшін PIN коды/Құпиясөз талап етіледі, жаңа генерацияланған кодты / SMS кодын жасау және пайдалану қажет. Жүйеге кіру үшін PIN коды/Құпиясөз Пайдаланушыға /Уәкілетті тұлғаға нақты ашық түрде беріледі, Жүйеге алғаш кіргеннен кейін оны өзгерту қажет. Генерацияланған код генерациялау кезінде Digipass құрылғысында көрсетіледі және Клиенттің Уәкілетті тұлғасы/Пайдаланушы Банктің электронды банктік қызметтерін алуды қамтамасыз ету және қажетті операцияларды орындау мақсатында Жүйеге кіру үшін қосымша пайдаланады.
- 4.4. Қауіпсіздік мақсатында Жүйеде Клиенттің ағымдағы сессиясын автоматты түрде ажырату функциясы қарастырылған. Жүйеде Клиенттің ағымдағы сессиясын автоматты түрде ажырату Клиенттің Жүйеде ұзақ уақыт (10 минуттан астам) белсенді әрекеттері болмаған жағдайда (қандай-да бір операциялардың орындалмауы, электронды құжаттардың берілмеуі және т.б.) электрондық банктік қызметтерді ұсынуды уақытша тоқтата тұруды немесе тоқтатуды білдіреді.
- 4.5. Қауіпсіздік рәсімдерін сақтау үшін Клиент/Уәкілетті тұлға Digipass құрылғысын алғаннан кейін, Қауіпсіздік рәсімдерінің талаптарына сәйкес Банктен алынған бастапқы PIN кодын, сондай-ақ жүйеге кіруге арналған PIN кодын/Құпиясөзді жаңа PIN-ге ауыстыруы тиіс.
- 4.6. Банк құпиясын құрайтын ақпаратқа рұқсатсыз өту, оның рұқсатсыз өзгертілгендігі, рұқсат етілмеген төлемді немесе ақша аударымын және Банктің электронды банктік қызметтерді ұсынуы кезінде туындайтын өзге де рұқсат етілмеген әрекеттердің жүзеге асырылғандығы анықталған кезде, Банк бұл туралы анықталғаннан кейінгі келесі жұмыс күнінен

кешіктірмей оған қатысты осындай іс-әрекеттер жасалған Клиентке Клиенттің Өтінімінде көрсетілген байланыс деректері бойынша ауызша хабарлауға міндетті.

4.7. Интернет банкинг бойынша жалпы талаптардың 4.6-тармағында көрсетілген рұқсат етілмеген әрекеттер пайда болған жағдайда, Банк олардың салдарын жою және болашақта олардың пайда болуына жол бермеу үшін барлық қажетті шараларды дереу қабылдайды.

4.8. Банк пен Клиент қолданатын бағдарламалық-техникалық құралдарға рұқсатсыз өтуге жол бермеу құралдары мен шаралары, оның ішінде ұйымдастырушылық шаралар мен бағдарламалық-техникалық қорғану құралдары Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сай / сәйкес келеді.

5. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1. Банк міндетті:

5.1.1. ЭБҚ ұсыну қағидаларын Банктің веб сайтында (<http://www.forte.kz>.) орналастыруға және жаңартып отыруға.

5.1.2. ЭБҚ ұсыну қағидаларында және Интернет банкингі бойынша жалпы талаптарда белгіленген тәртіпте және талаптарда Клиенттің уәкілетті тұлғасын / Пайдаланушыны Жүйеде тіркеуге.

5.1.3. Интернет банкинг бойынша жалпы талаптарда, ЭБҚ ұсыну қағидаларында және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарда және тәртіпте Клиентке электрондық банктік қызметтерді ұсынуға.

5.1.4. Әрбір Клиенттің уәкілетті тұлғасына/Пайдаланушыға Клиенттің логинін, Пайдаланушының логинін, жүйеге кіруге арналған PIN кодын / Құпиясөзін, PIN-кодын және жұмысқа жарамды Digipass құрылғысын беруге. PIN беру кезінде Клиенттің өкілі және Банктің уәкілетті тұлғасы Банк белгілеген нысанда қабылдау-тапсыру актісіне қол қояды. Клиенттің Логинін, Пайдаланушының Логинін, жүйеге кіруге арналған PIN-кодын/Құпиясөзді, Digipass құрылғыларын ұсынған кезде, Клиенттің өкілі және Банктің уәкілетті тұлғасы Банк белгілеген нысанда қабылдау-тапсыру актісіне қол қояды.

5.1.5. Егер Digipass құрылғысы жұмыс істемесе және бұл туралы Digipass құрылғысы берілген күннен бастап 3 (үш) айдан аспайтын мерзімде анықталса/белгіленсе, Клиентке/оның уәкілетті тұлғасына, егер сырт көзге көрінетін зақым /«LOCK DABABD» хабарламасы болмаса, Клиенттің/оның уәкілетті тұлғасының жазбаша өтініші негізінде Банкке Клиенттен / оның уәкілетті тұлғасынан жазбаша өтініш келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде, Банк тарифтеріне сәйкес комиссия төлемей, ЭБҚ ұсыну қағидаларында белгіленген тәртіпте Digipass құрылғысын ауыстыруға.

Егер осы тармақшаның бірінші абзацында белгіленген мерзімнен кейін кез келген негіздер бойынша Digipass құрылғысының жұмысқа жарамсыздығы белгіленсе/анықталса, Digipass құрылғысын осы тармақшаның бірінші абзацында және ЭБҚ ұсыну қағидаларында қарастырылған тәртіпте Банк тарифтеріне сәйкес ақылы түрде ауыстыруға.

5.1.6. Digipass құрылғысы Клиенттің кінәсінен бұзылып, Digipass құрылғысында сырт көзге көрінетін бүлінулер (құрылғының экраны жарылған және/немесе механикалық зақымданған) болған және/немесе Клиенттің/ Клиенттің Уәкілетті тұлғасының PIN кодын 3 реттен аса қате енгізуі салдарынан Digipass құрылғысы бұғатталған (Digipass құрылғысы «LOCK DISABLED» хабарламасын көрсетеді) жағдайда, Клиенттің/ Клиенттің Уәкілетті тұлғасының жазбаша өтініші негізінде, Банкке Клиенттің/ Клиенттің Уәкілетті тұлғасының жазбаша өтініші келіп түскен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын уақыт ішінде Банк тарифтеріне сәйкес ақылы негізде Digipass құрылғысын ауыстыруға. Бұл ретте, жұмыс істемейтін Digipass құрылғысын Клиент/оның уәкілетті тұлғасы Банктің жауапты қызметкері және Клиент/оның уәкілетті тұлғасы 2 данада қол қойған Жұмыс істемейтін Digipass құрылғысын қабылдау-тапсыру туралы актіге сәйкес, Digipass құрылғысының жұмыс істемеу себебін, Digipass құрылғысының анықталған бүлінулерінің сипаттамасын/«LOCK DISABLED» хабарламасын көрсетумен Банк қызметкеріне тапсырады.

5.1.7. Интернет банкинг бойынша жалпы талаптарда және ЭБҚ ұсыну қағидаларында белгіленген тәртіпте және талаптарда Клиенттің электрондық құжаттарын орындауға, егер Клиент Қауіпсіздік процедуралары мен Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтайтын болса.

5.1.8. ЭБҚ ұсыну қағидаларында және Интернет банкинг бойынша жалпы талаптарда белгіленген тәртіпте және талаптарда Клиентке пайдаланушының жаңа Логинін, жүйеге кіру PIN кодын/Құпиясөзді, PIN кодын және Digipass құрылғысын беруге.

5.1.9. Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, электрондық банктік қызметтерді көрсету кезінде Клиенттен алынған ақпаратты үшінші тұлғаларға жарияламауға.

5.2. Банк құқылы:

5.2.1. Клиент Интернет банкинг бойынша жалпы талаптарға сәйкес өз міндеттемелерін тиісінше орындамаған және/немесе Клиенттің уәкілетті тұлғасы/Пайдаланушы ЭБҚ ұсыну қағидаларына сәйкес тіркеу рәсімдері мен Қауіпсіздік рәсімдерін орындамаған жағдайда, Клиенттің уәкілетті тұлғасын/ пайдаланушысын Жүйеде тіркеуден бас тартуға.

5.2.2. Келесі жағдайлардың кез келгенінде электрондық банктік қызмет көрсетуден бас тартуға:

- 1) Жүйеде Клиенттің Логинін және/немесе Пайдаланушының Логинін және/немесе жүйеге кіру үшін PIN кодын/Құпиясөзді және/немесе Генерацияланған кодты/SMS кодын қатарынан 3 (үш) реттен артық дұрыс енгізбеу;
- 2) электрондық құжаттың Қазақстан Республикасы заңнамасының және/немесе ЭБҚ ұсыну қағидаларының талаптарына және/немесе банктік шот шартына/банктік салым шартына сәйкес келмеуі;
- 3) Клиенттің уәкілетті тұлғасының/ Пайдаланушының Қауіпсіздік рәсімдерін сақтамауы;

4) Клиенттің Банк талап ететін және электрондық құжатты рәсімдеу үшін қажетті құжаттарды ұсынбауы.

5.2.3. Интернет банкинг бойынша жалпы талаптарда және ЭБҚ ұсыну қағидаларында белгіленген негіздер бойынша электрондық банктік қызметтерді көрсетуді тоқтата тұруға немесе тоқтатуға.

5.2.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында біржақты өзгертуге тыйым салынған жағдайларды қоспағанда, ЭБҚ ұсыну қағидаларына, Интернет банкинг бойынша жалпы талаптарға біржақты тәртіпте өзгерістер енгізуге, бұл ретте, осындай өзгертулер туралы өзгерістер енгізілетін күннен 10 (он) жұмыс күн бұрын Банктің веб-сайтында (<http://www.forte.kz>) Клиентке хабарланады.

5.2.5. Бір жақты тәртіпте Байланыс деректерін өзгертуге, бұл ретте бұл туралы байланыс деректеріне өзгерістер енгізілетін күннен 10 (он) жұмыс күні бұрын Банктің веб-сайтында (<http://www.forte.kz>.) Клиенттің хабарланады.

5.3. Клиент міндеттенеді:

5.3.1. Банктің қызметтері үшін банктің тарифтеріне сәйкес төлем жасауға.

5.3.2. Банк веб сайтында (<http://www.forte.kz>) орналастырылған ЭБҚ ұсыну қағидаларымен өзі танысуға, оларға енгізілген өзгерістерді және/немесе толықтыруларды бақылап тұруға.

5.3.3. Интернет банкинг бойынша жалпы талаптардың, ЭБҚ ұсыну қағидаларының, Қазақстан Республикасының заңнамасының және тиісті банктік шот/салым шарттарының талаптарын орындауға.

5.3.4. Клиенттің Логинін, Пайдаланушының Логинін, жүйеге кіру PIN/Құпиясөзді, PIN кодты, Генерацияланған кодты/SMS кодын, Digipass құрылғысын үшінші тұлғаларға жарияламауға/ бермеуге және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге.

5.3.5. Клиенттің Логинін және/немесе Пайдаланушының Логинін және/немесе жүйеге кіру үшін PIN кодын/ Құпиясөзін және/немесе PIN кодын және/немесе Генерацияланған кодын/SMS кодын және/немесе Digipass құрылғысын жоғалтқан/жариялаған/үшінші тұлғаларға берген жағдайда, электрондық банктік қызметтерді көрсетуді тоқтата тұру немесе тоқтату мақсатында бұл туралы Интернет банкинг бойынша жалпы талаптарда көрсетілген байланыс деректері бойынша Банкке дереу ауызша хабарлауға, бұл ретте «ForteBusiness»/ «Интернет Банкинг» жүйесін қолдану құқығын алу туралы өтінімде көрсетілген кодтық сөзді және/немесе ЖСН/БСН-ді айтады.

5.3.6. Банкке электронды құжатты орындау үшін қажетті құжаттарды ұсынуға.

5.3.7. Клиенттің атынан Жүйеге рұқсатсыз өтудің анықталғандығы және/немесе «ForteBusiness»/«Интернет Банкинг» жүйесін қолдану құқығын алу туралы өтінімде көрсетілген кодтық сөзді айта отырып, Клиенттің банктік шоттарына өту, сонымен қатар, бірақ онымен шектелмей, Клиенттің атынан электрондық банктік қызметтерді алу мақсатында Жүйеге рұқсатсыз кіру күдіктері туралы Интернет банкинг бойынша жалпы талаптарда көрсетілген байланыс деректері бойынша Банкке ауызша хабарлауға.

5.3.8. Егер төлем жасау немесе ақша аудару қажет болса, Клиенттің тиісті банктік шотында электронды құжатты орындау және Банктің тарифтеріне сәйкес Банк қызметтері үшін комиссиялық сыйақыны төлеу үшін жеткілікті ақшаны қамтамасыз етуге.

5.4. Клиент құқылы:

5.4.1. «ForteBusiness»/ «Интернет Банкинг» жүйесіне өту туралы Өтінім негізінде, ЭБҚ ұсыну қағидаларына сәйкес пайдаланушының жаңа Логинін, жүйеге кіруге арналған PIN кодын/Құпиясөзді, PIN кодын және Digipass құрылғысын алуға.

5.4.2. Клиенттің Логині және/немесе Пайдаланушының Логині және/немесе жүйеге кіруге арналған PIN коды/Құпиясөз және/немесе PIN және/немесе Генерацияланған код/SMS коды және/немесе Digipass құрылғылары үшінші тұлғаларға берілген/жария болған жағдайда, Интернет банкинг бойынша жалпы талаптарда және ЭБҚ ұсыну қағидаларында белгіленген тәртіпте Банктен электронды банктік қызметтерді көрсетуді тоқтата тұруды немесе тоқтатуды талап етуге.

5.4.3. Интернет банкинг бойынша жалпы талаптарда көзделген тәртіппен және талаптарда Интернет желісіне қосылған кез келген компьютерден Интернет арқылы байланыс арналары бойынша электрондық банктік қызметтерді қашықтан алуға. Бұл ретте, Пайдаланушы/Уәкілетті тұлға Қауіпсіздік процедураларында көрсетілген талаптарды орындауы керек.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Тараптар мыналармен келіседі:

6.1.1. Клиент тиісінше сәйкестендірілген және Клиент ЭБҚ ұсыну қағидалары мен Қауіпсіздік рәсімдерін орындаған жағдайда, Генерацияланған SMS кодын пайдалана отырып, Банкке ұсынылған Клиенттің электрондық құжаттарын Банк Клиенттің түпнұсқа электрондық құжаттары ретінде қабылдайды, егер мұндай электрондық құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделсе.

6.1.2. Клиенттің Жүйе арқылы орындаған және жүргізген төлем тапсырмалары, үзінді көшірмелері Банк беретін қағаз нұсқадағы құжаттарға теңестіріледі.

6.2. Клиенттің электрондық құжаттарының дұрыстығы, толықтығы және шынайылығы үшін Клиент жауап береді.

6.3. Банк мыналарға жауап бермейді:

6.3.1. Клиенттің электронды құжаттарды дұрыс ресімдемеуінен туындаған кез келген зиян үшін, сондай-ақ Клиенттің электрондық құжаттары Интернет банкинг бойынша жалпы талаптардың, ЭБҚ ұсыну қағидаларының, Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда;

6.3.2. Банктің кінәсінен туындаған Жүйенің жұмысындағы қателіктер, бас тарту, кідірістер мен үзілістер үшін;

- 6.3.3. Клиенттің және/немесе басқа үшінші тұлғалардың жабдықтарының жұмысқа жарамсыздығына байланысты Клиенттің Жүйеге өте алмауы, қателер, кідірістер үшін;
- 6.3.4. Клиент Клиенттің Логинін және/немесе Пайдаланушының Логинін және/немесе жүйеге кіруге арналған PIN кодын/Құпиясөзді және/немесе PIN және/немесе Генерацияланған SMS кодын және/немесе Digipass құрылғысын жоғалтқан/жариялаған/үшінші тұлғаларға берген жағдайда, соның салдарынан келтірілген шығын үшін;
- 6.3.5. Клиенттің электрондық құжатының күшін жоя алмауы немесе өзгерте алмауы үшін;
- 6.3.6. Клиенттің жабдықтарына немесе Клиенттің жабдықтарында сақталған ақпараттарға зақым келтірілгені үшін, Клиенттің Қауіпсіздік рәсімдерін сақтамаған кезде Клиенттің компьютерлері мен бағдарламалық жасақтамасын әр түрлі компьютерлік вирустардан қорғау үшін;
- 6.3.7. Клиенттің Логині және/немесе Пайдаланушының Логині және/немесе жүйеге кіруге арналған PIN коды/Құпиясөз және/немесе PIN және/немесе Генерацияланған SMS коды және/немесе Digipass құрылғысы бойынша деректерден құралған ақпарат үшінші тұлғаларға белгілі болу салдарынан туындаған зиян үшін, Банктің, оның ішінде Банк қызметкерінің (қызметкерлерінің) кінәсінен жоғарыда көрсетілген ақпарат үшінші тұлғаларға белгілі болу нәтижесінде келтірілген зиянды қоспағанда;
- 6.3.8. үшінші тұлғаның Клиенттің Логинін және/немесе Пайдаланушының Логинін және/немесе жүйеге кіруге арналған PIN кодын/Құпиясөзді және/немесе PIN және/немесе Генерацияланған SMS кодын және/немесе Digipass құрылғысын заңды/заңсыз алуына/жариялауына байланысты туындаған Клиенттің кез келген шығыны, залалы, шығыстары үшін, сондай-ақ осы деректерді пайдалану нәтижесінде туындаған Клиенттің және/немесе үшінші тұлғалардың кез келген шығындары, залалдары, шығыстары үшін, егер мұндай шығындар, залал Банктің, сонымен қатар Банк қызметкерінің кінәсінен болған жағдайларды қоспағанда.
- 6.3.9. Интернет банкинг бойынша жалпы талаптармен, ЭБҚ ұсыну қағидаларымен, Қауіпсіздік рәсімдерімен реттелмеген барлық басқа жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауап береді.

7. ЭЛЕКТРОНДЫҚ БАНКТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҰСЫНУДЫ ТОҚТАТА ТҰРУ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ НЕГІЗДЕРІ

- 7.1. Банк келесі жағдайларда электрондық банктік қызметтерді көрсетуді тоқтата тұруға және / немесе Клиенттің уәкілетті тұлғасының/Пайдаланушының электрондық банктік қызметтерді алуын тоқтата тұруға құқылы:
- 7.1.1. Жүйеде Клиенттің Логинін және/немесе Пайдаланушының Логинін және/немесе жүйеге кіруге арналған PIN кодын/ Құпиясөзді және/немесе PIN-ді және/немесе Генерацияланған SMS кодын қатарынан 3 (үш) реттен артық дұрыс енгізбеуі;
- 7.1.2. Digipass құрылғысын қатарынан 5 (бес) реттен артық іске қосу және Digipass құрылғысын бұғаттау кезінде Клиенттің Пайдаланушысының PIN кодын дұрыс көрсетпеуі;
- 7.1.3. егер Клиенттің банктік шоттарына рұқсатсыз өту немесе Жүйелерді рұқсатсыз пайдалану қаупі бар деген күдік пайда болса;
- 7.1.4. шығыс операцияларға тыйым салу және/немесе тоқтата тұру, мүлікке иелік етуді уақытша шектеу және/немесе Клиенттің банктік шотында электрондық банк қызметі көрсетілетін үшінші тұлғалардың орындалмаған талаптары болған кезде;
- 7.1.5. Клиенттің Уәкілетті тұлғасы/Пайдаланушысы Клиенттің Логинін және/немесе Пайдаланушының Логинін және/немесе жүйеге кіруге арналған PIN кодын/Құпиясөзді және/немесе PIN және/немесе Генерацияланған SMS кодын және/немесе Digipass құрылғысын жоғалтқан/жариялаған/үшінші тұлғаларға берген жағдайда, Банк Клиенттен Клиенттің/оның уәкілетті тұлғасының тиісті ауызша немесе жазбаша өтінішін алған кезде;
- 7.1.6. ЭБҚ ұсыну қағидаларында және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа жағдайларда.
- 7.2. Банк келесі жағдайларда электрондық банктік қызметтерді көрсетуді тоқтатуға құқылы:
- 7.2.1. егер Клиенттің Шарт бойынша банктік операциялар жүргізу үшін қызметтер/банктің басқа қызметтері үшін төлемдері бойынша 30 (отыз) күнтізбелік күннен асатын берешегі болса;
- 7.2.2. егер Клиенттің Банктегі барлық банктік шоттары заңнамада белгіленген тәртіппен жабылған болса.
- 7.3. Егер Клиентке электронды банктік қызметтерді көрсету Клиенттің тиісті түрде ресімделген хаты негізінде тоқтатылса және/немесе Клиенттің Банк алдында банктік операциялар жүргізу үшін қызметтер үшін төлемдері бойынша 30 (отыз) күнтізбелік күннен асатын берешегі болса, Клиенттің барлық Пайдаланушылары үшін электрондық банктік қызметтерді ұсыну тоқтатылады. Клиенттің нақты Пайдаланушысы үшін электрондық банктік қызметтерді ұсынуды тоқтата тұру Клиенттің басқа пайдаланушылары үшін электрондық банктік қызметтерді ұсынуды тоқтата алмайды.
- 7.4. Банк келесі жағдайларда Клиентке электрондық банктік қызметтерді көрсетуді тоқтата тұрады немесе тоқтатады:
- 7.4.1. Клиенттің Интернет банкинг бойынша жалпы талаптарда көзделген электрондық банктік қызметтерді ұсыну тәртібі мен талаптарын бұзуы;
- 7.4.2. электрондық банктік қызметтерді ұсынуды қамтамасыз ететін техникалық құралдардың ақаулары;
- 7.4.3. Интернет банкинг бойынша жалпы талаптарда қарастырылған басқа негіздер бойынша.
- 7.5. Тараптар осымен Интернет банкинг бойынша жалпы талаптардың 7.2-тармағында көзделген негіздер бойынша электрондық банктік қызметтерді көрсетуді тоқтата тұру немесе тоқтату мақсатында Банктің Digipass құрылғысын дереу ажырату арқылы жүйеге қол жеткізуді бұғаттау фактісі Клиентке электронды банктік қызметтерді көрсетуді тоқтата тұру/тоқтату туралы тиісті хабарлама болып табылады деп туралы келісті.

7.6. Клиенттің электрондық банктік қызметтерді алу құқығын тоқтата тұруға әкеп соқтырған себептер жойылғаннан кейін, Банк Клиентке электрондық банктік қызметтерді көрсетуді қайта бастайды, ал Клиентті Digipass құрылғысын іске қосу арқылы Жүйеге өткізу Клиентке оның құқықтарының жаңартылуы туралы жеткілікті және тиісті түрде хабарланғандығын білдіреді.

7.7. Банк электрондық банктік қызметтерді қалпына келтіруді ЭБҚ ұсыну қағидаларында белгіленген негізде және тәртіпте жүзеге асырады.

8. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

8.1. Шарт талаптарын тиісті түрде орындау бойынша туындайтын дауларды Тараптар келіссөздер арқылы шешеді, ал егер ол арқылы келісімге келмесе, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешеді.

8.2. Шарт бойынша жіберілген барлық хабарламалар жазбаша түрде жасалуы керек. Таңдалған байланыс арнасында адресатқа хабарламаның жеткізілгенін растау көзделген жағдайда, олар тапсырыс хат, факс, телеграф арқылы жіберілсе немесе жеке жеткізілсе, олар тиісті түрде жіберілген болып есептеледі. Шартта тікелей көзделген жағдайларда ғана Шарт бойынша хабарламалар басқа тәртіпте жасалуы мүмкін.

8.3. Интернет банкинг бойынша жалпы талаптарға барлық өзгертулер мен толықтырулар, егер заңмен өзгеше белгіленбесе, Интернет банкинг бойынша жалпы талаптарда көрсетілген тәсілмен жасалуы керек.

8.4. Шартпен реттелмеген барлық қатынас Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сәйкес жүзеге асырылады және реттеледі.